

ҚАЗЫҒҰРТТАН ҚАНАТ ҚАҚҚАН АЗАМАТ

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдан бастап, елімізде ғылым мен білімді дамытып, білім кеңістігінің қалыптасуына айрықша көңіл бөлініп келеді. «Халық пен халықты теңестіретін – білім» деп ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай, бәсекеге қабілетті шәкірт, маман дайындау бүгінгі күннің басты талабы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шырдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деген жолдар әрбір оқытушыдан ізденісті, білімділік пен біліктілікті қажет етеді. Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап жүретін ұстаздар қауымы, олардың озық ұйымдастырушылары әр кезде де болған. Солардың бірі, ұзақ жылдар бойы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде оқытушылық қызметпен айналысып жүрген техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық машинажасау және көлік академиясының академигі, бүгінде аталмыш оқу орнының Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары Сәкен Сәдібекұлы Пернебеков десек, қателеспейміз.

Адамның жаратылыс-болмысы туып-өскен топырағына байланысты деген қағиданы Сәкен Сәдібекұлындай

адамдардың өмірі толық айғақтайды. Ол Қазығұрт ауданы Тұрбат ауылында 1965 жылдың тамызында дүниеге келген. Бала кезінен сол аймақтың табиғи сұлулығы мен тазалығын бойына сіңіріп өсті. Қара сирақ, бөкен бас қазақ баласы ауыл мектебін ойдағыдай бітіріп, 1983 жылы Қарағанды политехникалық институтына (қазіргі Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті) оқуға түсіп, аталған оқу орнын 1990 жылы «Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп шыққан. Еңбек жолын Талдықорған облысы (қазіргі Алматы облысы) Қаратал ауданы Үшғөбе қаласындағы «Стрела» комбинатында бастады. Бойында жастық жалыны лаулаған жас маман үш жыл ішінде қатардағы механиктен мекеменің бас инженері лауазымына дейін көтерілді. Тек қана қызметтік міндеттерімен ғана айналыспай, қала көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Соның нәтижесінде, жас маманның бойындағы жастық жігерді байқаған Қаратал ауданы басшылары Сәкенді мемлекеттік қызметке жұмысқа тартды. Ол Қаратал ауданы әкімінің бірінші орынбасарының аға референті қызметіне тағайындалады. Сосын туған елге оралған Сәкен Сәдібекұлы алдымен Әлішер Науаи атындағы акционерлік қоғам төрағасының жас-тар ісі жөніндегі орынбасары болып сайланғанымен, көп ұзамай Қазығұрт ауданы Әкімінің аппаратына жұмысқа ауысып, аудандық әкімшіліктің ұйымдастыру бөлімінің бас маманы лауазымына тағайындалады.

Қай қызметте жүрсе де, басты арманы – оқытушылық қызметпен айналысу ешуақытта да ойынан шыққан емес. Сол арман ақыры Сәкенді Қазақ химия-технология институтына жетелеп келеді де, 1995 жылдан бері бүкіл саналы ғұмырын Қазақ химия-технологиялық институтына, қазіргі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне арнады. Өзінің мамандығы бойынша «Автомобиль көлігі» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарды. Сонымен қатар «Механика-көлік» факультеті Ғылыми кеңесінің хатшысы, Механика-құрылыс факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, факультеттің Оқу-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Оқу үдерісіне жаңа кредиттік технологияны енгізілуіне орай Сәкен Сәдібекұлына университет басшылығы жаңа қызметті ұсынып, ол 2008 жылдан университеттің Тіркеу кеңсесінің жетекшісі болып қызмет атқарды. 2011 жылы университеттің Оқу-әдістемелік басқармасы директорының орынбасары, ал 2013 жылы Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары болып тағайындалды.

Сәкен Сәдібекұлының 300-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектері жарық көрген, оның ішінде 20-дан астам оқу құралы бұл күнде ұрпақ қазынасына айналып отыр. Ұзақ жылдар бойындағы жемісті еңбегі үшін 2013 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ғылым саласындағы жетістіктері үшін Сәкен

Сәдібекұлына 2014 жылы 05.22.00-«Көлік» мамандығы бойынша «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағы берілді. Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін 2015 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталса, 2017 жылдың қорытындысы бойынша «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған. 2019 жылы ғылым мен білім саласындағы ерекше жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық машина жасау және көлік академиясының толық мүшесі – академигі болып сайланды.

Ал енді ұлағатты ұстаз Сәкен Сәдібекұлының адами қалпына келер болсақ ол өзінен кейінгі жастардың тәжірибелі ұстазы, екі ұл мен бір қыздың ардақты әкесі, немерелерінің аяулы атасы. Қызы Айдаңа - әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін, ұлы Азамат - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясын бітірген, екеуі де жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Кенже ұлы Мақсат Түркияның Стамбул қаласындағы «Айдан» университетінің 1-курс студенті.

Айтарымыз болса да, алты асқардың баурайына ат байлаған азаматтың бүгін болмысын, шығармашылық жолын, қайраткерлік қарымын талдап, түгендеп беруді алдымызға мақсат тұтқан жоқпыз. Біздікі – «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген ізгі бір ниет еді.

Айгүл НАУКЕНОВА,

М.Әуезов атындағы ОҚУ

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, тех.ғ.к.